

пропагандист, идейный вдохновитель, теоретик, организатор движения «Алаш», который внес неоценимый вклад в становление и формирование национальной культуры и развития казахской национальной государственности. Он был и остался в памяти народа светлым лучиком казахской науки и культуры.

#### Список использованной литературы

1. Сламбекова А. Т. Казахстанская тюркологическая наука в годы репрессии (историографический обзор). Вестник КазНУ, серия филологическая, №4-5, 2010. – 395 с.
2. Ахметов Л.С. и др. Алихан Букейханов – поиск ориентиров. Ахмет Байтурсынов – главное – обретение государственности. Турар Рыскулов – яркий политик советского Востока. Учебное пособие. Астана, 2008. – 204 с. (серия Казахстан: первые лица страны XX века).
3. Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с.
4. Колдыбаев, С.А. К вопросу об общественно- мировоззренческих взглядах Ахмета Байтурсынова /С.А. Колдыбаев, А.А. Баймагамбетова //Казахская цивилизация. - 2010.- №4.- С.57 - 58.
5. Нургали, Р. Ахмет Байтурсынов /Р. Нургали //Простор.- 2010.- №1.- С. 175 – 188.
6. Ахмет Байтурсынов [электронный ресурс] URL: <http://works.tarefer.ru/32/100373/index.html> (дата обращения 03.09.2016)

## САЯСИ ҚУҒЫН - СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

**Атахан Қ.А.**

*Өскемен қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы орта мектебі» КММ*

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы әлемдегі өркениетті елдермен терезесі тең мемлекет ретінде халықаралық ықпалдастыққа бет бұрып, саяси - экономикалық мәселелерді ұлттық мүддеге орайластыра отырып, тиімді даму жолдарымен жүріп келеді. Мұны еліміз ішкі және сыртқы саясаттағы өзіндік байыпты бағыттары арқылы жүзеге асырып отыр. Өйткені халқымыздың ғасырлар бойы біртіндеп қалыптасқан рухани қазынасы тоталитарлық жүйе кезеңінде орасан зор дағдарысқа ұшырап, тоқырап қалғаны баршаға аян. [9,25 б]. Ол өз кезегінде өскелең жас ұрпақтың өз туған халқының рухани құндылықтарынан ажырап әкелуіне соқтырды. Міне, сондықтан да жас өспірімдердің халқымыздың рухани тамырынан толық қол үзіп қалмауы - біздің бүгінгі елдігіміз бен егемендігіміздің негізгі өлшемдерінің бірі деп есептеуге болады.

Тәуелсіз елімізде оқушы - жастарды бүгінгі күн талабына сай ұлттық тәлім - тәрбие беруде халқымыздың бай мәдени мұраларын, педагогикалық ой - пікірлерін, жинақталған ұлттық құндылықтарды зерттеп, жүйелеп, оқу орындарының оқу - тәрбие үрдісінде пайдаланудың маңызы зор. Осы бағытта қазіргі бәсекеге қабілетті жас өспірімдерді тәрбиелеу, ұлт тұрмыс – тіршілігін өркендетуші сапалы да салауатты, ұлтжанды, мәдени - ғылыми ой - өрістері

кең ұрпақ өсіру - қоғам алдында тұрған басты міндет, әрбір қоғам өзінің даму барысындағы зиялы қайраткерлердің педагогикалық ақыл - ойын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарына сай жетілдіріп пайдаланып отырған [1,21 б].

XX ғасырдың 20 – 30 жылдары қазақ халқының тарихында аса құндылығымен, маңыздылығымен және қасіретімен де мәңгі қалатыны даусыз. Өйткені, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ даласы жаңа тұрпатты мемлекет құруға қадам жасады. Ал оның жемісті дамуына барынша ат салысып, ана тілінде тұңғыш оқулықтар жазып, қазақ ғылымының қалыптасып дамуына, отандық мәдениетіміздің ілгерілеуіне барынша ат салысқан бір топ қазақ зиялылары сталиндік тоталитарлық режимнің қысымына ілінді. [10,109 б]. «Біз, - деп атап көрсетті Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев, - өз тарихымызды өзгелер тұрмақ өзімізге де толық таныта алмай келе жатқан ұрпақпыз. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ кім не таниды?...». Ұлттық тәлім - тәрбие саласының сан - алуан мәселелері біздің еліміздің жағдайында да біршама уақыттан бері зерттеу нысанына айналып келеді [2,46 б].

Өткен ғасыр басында қалыптасқан қазақтың ұлттық кәсіби саяси элитасы «халық жауы» деген жасанды жаламен жойылды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде былай деп жазды: «Қазақ халқының кейбір данышпан перзенттері мен көсемдері тарихтың қарғыс атқан тұзағында тұншықты, ұлттың амандығы үшін олар тарихтың тәлкегіне көнуге мәжбүр болды». Осы бағытта ұлттық педагогикамызда маңызды орын алуға лайықты еліміздің сонау XX ғасырдың 30 - жылдары саясаттың шырамауына оралып, жазықсыз жапа шеккен қазақтың біртуар азаматтарының ағарту ісіне қосқан үлестері егемен еліміздің халқын, әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеу негізіне алынуы тиіс. Қуғын - сүргін құрбандары болған қазақ зиялыларының мұраларының педагогикалық негіздерін зерттеу өскелең ұрпақтың зейін - зердесі мен ой - өрісін кеңейтуіне және отандық педагогика тарихын дұрыс түсінуге, оның ауқымын кеңейтіп, жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Осыны ескере отырып, қазақ зиялыларының бірі - І.Жансүгіровтің еңбектерін бағалай отырып, оның бүгінгі оқу - тәрбие үрдісінде талаптарға сай пайдалану зерттеу қажеттілігін туындатады [3,75 б].

І.Жансүгіров ел ішіндегі ақын - жырау, әншілердің өлең - жырларын, ертегі - аңыз әңгімелерін құмарта тыңдап, жаттап алып, айтып үйренген зерек те зерделі ақын ретінде балалар әдебиетін негізін қалаған. Ақынның 1915 – 1916 жылдары жазылған өлеңдері «Сәлемдеме», «Көңілдің жүгірісі», «Жанды сөз», «Ынтықтар», «Замандасқа», «Қалпымыз», «Талғамалар» деген өлеңдері қоғам жайын, халық өмірін шындық сипатында көрсетіп, адамгершілік пен әділеттілікті ардауқтауға, оқу - білімге үндеуге негізделген. «Жалпы жасқа» (1921), «Ағынды менің Ақсуым» (1921), «Ақсабан» (1923), «Желді қарағай» (1925), «Жетісу суреттері», «Тау суреті», «Элеватор», «Қазақстан», «Баласынан анасына хат» (1927), «Оқимын» және басқа көптеген шығармалар жазып, балалар әдебиетінің дамуына мол үлес қосты. Әсіресе, дарынды ақын балаларға арналған өлеңдерінде танымдық,

тәрбиелік, білімдік мәніне баса назар аударды. Өндетіп, өлеңдетіп тербете тәрбиелеу арқылы баланы бесіктен тәрбиелеп, сөз өнеріне баулу, ой - өрісін дамыту, адамгершілікке, анаға деген мейірімділік, жағымды мінез - құлыққа тәрбиелеуді көздегенін оның әрбір шығармасынан көруге болады. Мысалы, «Баласынан анасына хат» деген өлеңінде баланың анаға сүйіспеншілігін, мейірімін, балалық сезімін шынайы суреттеген:

«Қорғаным, анам, қамқорым,  
Қолыңа тисе осы хат,  
Құлының жазды қолынан,  
Қуан да хатқа, қыл қуат».

Ал, «Оқимын» деген өлеңінде мәпелеп тәрбиелеп, ұядан ұшырған ата - анасына баланың сүйіспеншілігі, оқуға, өнер - білімге ұмтылып, болашақ азаматтың өмірде кім болатыны жайлы асқақ арманы баланың өз аузынан жыр болып төгіліп, бата - тілекке жалғасады. Жастардың сауатын ашуды өзін міндет етіп қойған Ілияс «Жалпы жасқа» деген өлеңімен ұран тастап: Әйел, еркек, жалпы жас! Оқы, орталас, ұйымдас!

Көтеріл, көрін, көзіңді аш! Бірік, бірлес, жиыл жас!  
Жаңбырлы жазғы жапырақтай. Жиылатын күн жетті,  
Көркей, көгер, гүлің шаш!... Қайтып ұйқың қиылмас!

деп ел арасына, қарамағында оқуда жүрген жас өспірімдерге үгіт жүргізеді. Осы идеясын іскер асыру үшін мұғалімдік қызметімен қатар, үгіт жұмысын одан ар жүргізе берді. Бұл кезде жазылған өлеңдерін көбіне солардың өміріне және жас ұрпақтарға арнады [4,19 б].

Ақын өлеңдері жас өспірімдерді оқуға, өнер білімге шақырады. Ең алдымен шығармалардың тәрбиелік рөлі соншалықты күшті де ықпалды болуын басты міндет етіп қояды. Балаларды алдына күрделі мәселелерді қоя білу керектігін айтады. Өйткені тәрбие мен білімнің және оқытудың арасындағы үрдіс балаға жас кезінен үйретілуі тиіс. Осы мақсаттарды тіпті бесікте жатқан бүлдіршінге де өлеңмен, әнмен айтып жеткізуді шарт етіп қояды. Сол арқылы баланың көңіл күйі мен ойын эстетикалық идеалын сергітіп, тезірек жетілуіне, дұрыс өсуіне жәрдем етеді. Баланың ойына оралымды, тіліне түсінікті, мазмұны айқын, көркем сөз өнерінің халықтық қазынасына айналған асыл өнерімен бала ойына жас шамасына лайықты шығармалары табиғат таңғажайыптары, қоғамдық тұрым - тіршілік, ел тіршілігімен үндесіп, сабақтас суреттеледі [5,14 б].

Өз өлеңдерінде жаратылыс суреттерін адам өмірінен, оның күнделікті тіршілігінен бөліп алмай, соған байланыстыра келтіреді. Айналадағы болып жатқан түрлі жаңалықтарды байыпты түрде бақылап және өзі де соған араласа жүріп өскен баланың ой логикасы, эстетикалық идеалы бір қалыпта жүйелі түрде дамиды. І.Жансүгіровтің 1915 - 1916 жылдардың өзінде ақын жастарға арнып «Сәлемдеме», «Замандасқа», бірнеше өлеңдерін жазып жастарды өнер - білімге, әлеуметтік іске араласуға шақырды. «Шым - шытырық», «Жыбырлақ», «Маңым» сияқты өлеңдеріне ол өз ортасын, ондағы қараңғылық, талапсыздыққа, жанбай сөніп, өнерсіз, білімсіз қалып бара жатқан жастар тағдырына қапа болды, қараңғылық, надандық тудырған

оғаш мінездерді қулық - сұмдық, алаяқтық, өсек - өтірікті сынап, шенейді.  
Ақын

«Арман» дейтін өлеңінде:

«Мезгіл барма құтылар,  
Шынжыраулы тағдырын?

Бірақ ой жоқ ұмтылар,  
Табылар тағдыр дағыдан.

Рақымы жоқ шынжырға  
Байқамастан шалдырған...», -

деп ел жайын, жастар қамын оларды тылсымдай тығырыққа қамаған заман, оның салдары - надандық, соған егіздің сыңарындай ұқсаса талапсыздық, тағдырға мойын ұсыну сияқты жәйіттерге күйініп толғанса, «Замандасқа» дейтін өлеңінде жастарға үміт артып:

«Өнерге ұмтыл, өнерді біл замандас,  
Қамдан, жатпа, заманыңмен хабарлас,  
Ынта салсаң білім туын қолға алсаң,  
Теңдік тиер, ешкім күйе жаға алмас», -

деп өз замандастарын өнер - білімге шақырады. Ақын 1924 жылы жазған «Саналы жастарға» дейтін өлеңінде де жоғарыдағы «Жалпы жасқа», «Жастар ұраны» дейтін өлеңдерін қайталайды. Сондықтан жастайынан ел мұңына, халық қамына бейқам қарамайтын, қайта оның әрбір жетістігіне қуанып, кешлігіне қынжылап отыратын ойшыл ақынның ел ішінде еркіндікке жете алмай жүрген жастар барын аңдап, жастарды қоғамдық, әлеуметтік іске, нәр - білімге, оқуға үндеп, бұл тақырыпқа қайтала орала беруінің мәні сонда болады [6,111 б].

Ақын жастардың ертеңін меңзеп, олардың халық алдындағы міндетін аңғартады. Азамат соғысынан соңғы халық шаруашылығын қалыпына келтіру дәуірінің аяғына таман жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу, халықты жаппай сауаттандыру, еліміздің жаппай сауатты елге айналдыру жүзеге асырыла бастады. Осындай бүкіл халықтық маңызы бар әрбір жаңалыққа құлақ түріп, жедел үн қосып отыратын І.Жансүгіров бұл маңызды оқиғаға арнап: «Майдан» атты өлеңін жазды. Ағарту майданын халық санасындағы жеңістердің бірі деп түсінген ақын:

«Алдымда айқын айнама бар.  
Алдымда жойқын майдан бар  
Ағарту елді - майданым», -

деп елін, өнерге шақырып, жар салған, ұлы іске құлшына ұмтылып, елін бастап өнер майданына кірген жауынгер көз алдына елестейді. Ақынның жастар тақырыбына жазған өлеңдері оның елінің болашғы - жас достарына шексіз сүйіспеншілігі, жанашыр қамқорлығы айқын сезіліп отырады [7, 93 б].

І.Жансүгіровтың 1930 жылы «Жұмбақ. Суреттің шешуімен» атты балалар кітабы жарық көреді. Аталған еңбекте жазушы жұмбақтар түрін үш бөлімге бөліп көрсеткен. Олар: 1. үй саймандары. 2. құрал саймандары. 3. Жаратылыс құбылыстары. Балалардың дүниетанымдық көзқарастарына барынша ықпалын тигізер қазақтың көркем жанры ақынның сол кездегі



білімге деген құштарлығын танытады. [11,63 б]. І.Жансүгіровтің Мәскеуде журналистика институтында (1925 - 1928) оқып, қоғам дамуы заңдылықтарын, әлем әдебиеті, өнер тарихын тереңдеп білуі оның эстетикалық көзқарастарына орасан зор ықпал етіп, жазушылық тағдырына бетбұрыс жасады. Осы шығармашылықтың кемелденген тұсының бір үлгісі - 1929 жылы жазылған «Күй» поэмасы, өнер тең қайғы, қасіретті, мұнды айтып, адам жанын жаралап, жүрегіне от тастайтын сиқырлы күй емес, өмірге жетелейтін қайрат - жігердің киелі қайнары болып табылады. Қазақ оқу - ағарту саласында қазақ баспасөзінің ерекше маңызы болғаны мәлім [8,31 б].

І.Жансүгіровте сол кездегі мерзімді басылымдарда өзінің мақаларын жариялап отырған. Қоғамның түрлі салаларында арнап жазған мақалалары ақынның сол кездегі халық ағарту ісіне арнауы деп таныған. Мәдениет саласында жазған мақалаларына тоқтала кетсек, оның 1929 жылы «Театр туралы» мақаласында театр жайлы былай деген: «Мәдениет майданындағы сүбелі ісіміздің бірі - театр. Театр көрінгеннің ермегі емес, еңбектің көркемі. Театр - көңіл көтерудің ғана орны емес, мәдени ошақ. Өнер орны, еңбекшілер үстемдігінің мәдениет майданындағы қарулы орынның бірі», - деп ой қозғаған. Ал 1923 жылы «Ән, әншілер жайында» атты мақаласында: «Ән - күйді сөз қылудың бүгінгі бір керектігі - біздің жаңа жасалып жатқан шаруамыз, еліміз, мәдениетіміз, өнеріміз бар. [12,54 б]. Сол жаңа жасалып жатқан көп жұмысымыздың бірі - мәдениет майданындағы өркениетті орынның бірі - қазақ театры болса - оның бүгінгі бір сүбесі ән - күй болып келеді. Әнді айтқанда, әзірге бізде үлгілі ән, өнерлі ән, жаңа ән жоқ, қолдағы бар мәзірміз - елдікі. Ендеше, біздің сөзіміздің басы ел әнінен басталады. Ел әндері қандай, қалай туған, осы күнде не күйде, осы күнгі жұртшылыққа жанаса ма. Заманға үйлесе ме, келешегі бар ма, осыны жұрт алдына салмақпыз», - деп қазақ әнінің өткені мен болашағына зер салады [13,19 б]. Хандық дәуірде өмір сүрген қазақ даласының ұлы ойшылы Асанқайғы жайлы І.Жансүгіров «Асан туралы» мақаласында: «Асан сөзінің бізге бағалы болып, тарихи құнды болатындығы - өзінің әлеуметтік басындағы жалпы ауыртпалықты жұрттың қайғысынан жырлауға тиісті ақылмен деп түсінгендігі», - дей келе, «Асан жазған өлеңінен сол кездегі қазақ, қырғыз халқының басындағы тарихи уақиғаны, күн көрісті, тап тартысын, әлеумет қатынасын зерттеуге, сынауға өте бай материал алуға болады. Асан сөзінің әдебиет үлгісі, мұрасы есебінде көркемдік не түр жағынан мақтарлық үлгі болмаса да Асан сөзінің маңызынан, ішіндегі келтірген толып жатқан сол заман бойындағы қайшылық, фактілерден Асан заманы туралы үлкен керекті қорытынды шығады», - деп Асан қайғы жайлы мәлімдейді. [14,197 б]. Саяси қуғын - сүргін құрбандары болған қазақ зиялыларының педагогикалық еңбектері мен білім беру саласындағы қызметтерін мұрағат және сирек кездесетін қолжазба материалдары негізінде арнайы қаралып, қазақ зиялыларының Қазақстандағы 30 - жылдары оқу - ағарту науқанында өздерінің білімдері мен мүмкіндіктерін жоғары екенін дәлелдейді.

Саяси қуғын - сүргін құрбандары болған қазақ зиялыларының педагогикалық көзқарастарын жан - жақты толықтай қарастырдым деген

ойдан аулақпын. Өйткені, осындай мәнді де маңызды мәселені бір ғана адамның оқу - әдістемелік құралына сыйдыру мүмкін емес.

Дегенмен, мұрағат материалдары, тарихи - педагогикалық көздер негізінде жасалынған жұмыс алдына қойған мақсатын орынды деп есептеймін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- Астана, 2007.- 54 б.
- 2.Эл-Фараби. Философиялық трактаттар.- Алматы: ғылым,1973.- 442 б.
- 3.Баласағұн Ж. Құтты білік. // Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев.-Алматы: Жазушы, 1986.- 617 б.
- 4.Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары.- Алматы: Рауан,1991.- 201 б.
- 5.Уәлиханов Ш. Таңдамалы.- Алматы: Жазушы,1980.- 415 б.
- 6.Құнанбаев А. Шығармалары. 2 томдық.- Алматы: Жазушы,1968.-340 б.
- 7.Байтұрсынов А. Шығармалары:өлеңдер, аудармалар, зерттеулер /құрастырған Шәріпов Ә., Дәуітов С.- Алматы: Жазушы, 1989. – 321 б.
8. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.- 112 б.
9. Бөкейханов Ә. Таңдамалы./Бас редакторы Нұрғалиев Р.-Алматы.-1995.- 476 б.
10. Досмұхамедов Х. Аламан.–Алматы: Ана тілі, 1991.- 156 б.
11. Қалиев С.Қ. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер.- Алматы: 1990.-82 б.
12. Әлсатов Т.М. Қазақ хандығы тұсындағы педагогикалық ойлардың дамуы (XV-XVIII ғ.): Пед. ғыл. док. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Автореф. - Алматы, 2000.- 20 б.
13. Жұматаева Ш.Ж. Д.Бабатайұлының тәлім-тәрбиелік идеялары: Пед. ғыл. канд.дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.Автореф.- Алматы,1996.- 19 б.
- 14.Мадин М.Б. Қазақстанда совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы.- Алматы: 1976.- 110 б.

## **КӘРІМ ТОҚТАБАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ**

**Ералина А.Е.**

*А.Байтұрсынов атындағы*

*Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ.*

Қазақтың шежірелік зердесінде адам-тарихтың негізгі тұлғасы, адам сапасы-тарихтың қозғаушы күші. Ал тарихи тұлға дегеніміз – жағдайға байланысты және жеке басының сапасына орай танылғандар деп келетін жалпылама анықтама белгілі.

Тұлға және оның тарихтағы орны жайында кезінде толық ашылған жоқ еді, зерттеулер барысында қарастырылса да. Белгілі орыс философы С. Н. Турбецкой XIX ғ. былай деп жазған екен: «анағына келсек, тарихта бәрін жасайтын адам, сол арқылы ғана *идея* асады». Яғни тап күресі мен қоғамдық формациялардың алмасуы емес тұлғалардың ететін аренасы [1]. Мәселе